

*Аннотация*

В этом исследовании изучалась роль внедрения ролевых игр в качестве игрового обучения для улучшения разговорных навыков изучающих английский язык. Игровое обучение — это подход, который сочетает образовательные методики с интерактивным обучением для улучшения языковых навыков учащихся. Кроме того, исследование подчеркивает положительное влияние ролевых игр на готовность учащихся общаться, поскольку они активно участвуют в общении, не боясь совершить ошибку. Качественные данные, полученные от учащихся, свидетельствуют о том, что игровое обучение способствует развитию креативности, критического мышления, сотрудничества, мотивации, делая процесс обучения приятным и эффективным. В результате квазиэкспериментального исследования было выявлено, что экспериментальная группа продемонстрировала значительные улучшения по сравнению с контрольной группой. Исследование подчеркивает эффективность ролевых игр.

*Ключевые слова:* игровое обучение, ролевая игра, разговорные навыки, изучение английского языка, экспериментальное исследование.

*Поступила в редакцию:*

*Одобрена:*

*Первая публикация на сайте:*

МРНТИ 15.41.39

## **ИНКЛЮЗИВТІ ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ РЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Э.К.АХМЕТОВА*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*(Шымкент, Қазақстан)*

[\*e.k.akhmetova1@gmail.com\*](mailto:e.k.akhmetova1@gmail.com)

*Аңдатпа*

Бұл мақалада инклюзивті отбасындағы қарым-қатынастар мәселелері, ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларда болатын түрлі күйзеліс факторлары, мүмкіндігі шектеулі балалардың өз бауырларына әсер ету аспектілері зерттеліп, қарастырылды. Инклюзивті отбасыда ерекше баланың тәрбиеленуі, осы отбасы мүшелерінің қарым қатынасына, олардың қоғамдағы рөліне, жалпы өмір сүру сапасына қалай әсер ететінін зерттеу үшін мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған екі отбасымен зерттеу жүргізілді. Зерттеу мақсатына сәйкес ғылыми мақалаларға талдау жасалды, зерттеу объектісін бақылау, әңгімелесу, сұхбаттасу, талдау, кейс стади әдісін пайдалана отырып сапалық нәтижелерді сараптау, В.Ткачеваның мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші ата-аналар типологиясында берілген психологиялық портреттер арқылы инклюзивті отбасындағы ата-аналардың типтері анықталды. С.Д.Забрамная бағдарламасының бейімделген нұсқасын пайдалана отырып, ерекше қажеттілігі бар балаларға диагностикалық зерттеу жүргізілді. Бұл әдіс арқылы бала туралы жалпы мәліметтер, даму тарихы, отбасы, физикалық жағдайы, танымдық іс-әрекеттің ерекшеліктері туралы ақпараттар жинақталып, «Алия және оның отбасы» және «Марат және оның отбасы» жайында кейстер құрастырылды. Ата-аналармен әңгімелесу, сұхбаттасуға негізделіп К.Эттин және Э.Хартман *әдістемесі* бойынша балаларға жеке «*Экокарта*» толтырылды. Бұл әдістеме нәтижесінде бала мен отбасының әлеуметтік ортада болатын байланыстары туралы ақпараттар графикалық бейнелеу ретінде беріліп, талданды. Отбасы мүшелерінің ішкі эмоционалды күйлерін тұрақтандырып, жағымды қарым-қатынастарын қалыптастырудың жолдары ұсынылды.

*Түйін сөздер:* инклюзивті отбасы, отбасындағы қарым-қатынас, ерекше қажеттілігі бар бала, мүмкіндігі шектеулі бала, инклюзивті отбасындағы бала тәрбиесі

### **Кіріспе**

Соңғы жылдары инклюзивті қоғам, инклюзивті отбасы мәселелері педагогика және психология саласындағы зерттеулерде кеңінен қарастырылуда. Инклюзивті отбасы – ерекше қажеттілігі бар мүшелері бар немесе отбасында ерекше баланың дені сау бауырларымен бірге

тәрбиеленетін, өзара қолдау мен түсіністікке негізделген орта. Мұндай отбасыларда қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл өз кезегінде барлық отбасы мүшелерінің өзара әрекеттесуі мен дамуына ықпал етеді. Отбасының бала өмірінің әр түрлі кезеңдерінде атқаратын түрлі функциялары бар: білім беру, қорғау, ақпараттық-ағартушылық, әлеуметтік бейімдеу, жеке дамуына жағдай жасау және т.б. Ал, ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылардың қызметінің негізгі ерекшеліктері – ол баланы оңалту және түзету, оның дамуына жағдайлар жасау, қолдау көрсетіп, қоғамға бейімдеу және бұл балалардың білім алуында да үлкен жауапкершілік алады [Ахметова Э.К., Алметов Н.Ш., 2021]. Көптеген зерттеулер ерекше баланың ата-анасына және оның дамуына көбірек көңіл бөлгенімен, отбасында мүмкіндігі шектеулі баланың болуы оның бауырларының тәрбиесі мен дамуына және отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына қалай әсер ететіні туралы әлі де толық зерттелмеген өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

### **Негізгі бөлім**

Отбасында даму бұзылыстары бар баланың болуы – отбасының психологиялық жағдайына, әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін [Mas J.M. et al., 2019]. Бұндай отбасыларда жоғары медициналық шығындар мен стресс деңгейінің артуы [Cuzzocrea F. et al., 2016], мазасыздық [Antonopoulou K. et al., 2020], депрессия [Scherer N., 2019; Machalicek W. et al., 2015], тиімді басқару мен әлеуметтік қолдау болмауынан [Krakovich T.M., 2016], бала тәрбиесіне деген сенімділік пен құзыреттіліктердің жетіспеуі [Hassall R. et al., 2005] ерекше қажеттілігі бар баланы тәрбиелеуде көптеген қиындықтарға алып келуі мүмкін. Осындай жағдайда ата-аналар мен отбасы мүшелеріне ерекше баланың қажеттіліктерін анықтап, қанағаттандыру қиынға соғады [Giltaij H.P. et al., 2015], немесе олар жоғары деңгейде стресс сезінуі мүмкін, бұл өз кезегінде ата-ананың бұл процеске қатысуының төмендеуіне және қажуына алып келеді. Сонымен қатар, олар психикалық қиындықтарға жиі ұшырайды [Hamadi L. and Fletcher H.K., 2021].

Инклюзивті отбасылар балаға диагноз қойылғаннан бастап күрделі қобалжу, қайғыру, шок пен күйзелісті бастан кешіреді. Денсаулығында бұзылысы бар баланың туылуына байланысты бұл ауыртпалықтар отбасының психологиялық климатын қатты өзгертеді. Интеллектуалды бұзылыстары бар балалар әрдайым өзгелерге тәуелді болады [Nakken H. and Vlaskamp C., 2007], мұнда олардың ата-аналары мен басқа отбасы мүшелері маңызды рөл атқарады [Kruithof K. et al., 2020; Seltzer M., 2001], және олардың қажеттіліктері көбінесе ата-аналар немесе қамқоршылардың және баланың денсаулық ерекшеліктеріне қарай бағаланады [Verma R.K., Kishore M.T., 2009]. Сонымен қатар, бұл отбасылар басқаларға қарағанда көбірек стресс сезінеді, қатты эмоционалды күйзеліске ұшырайды және үлкен қолдауға мұқтаж болады [Hockenberry M.J., Wilson D., 2018].

В.В.Ткачева мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуші отбасыларға психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде ата-аналардың типологиялық ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөлді [Ткачева В.В., 2000] (1-сурет).

Алайда, ата-аналардың қайғыру және өзін-өзі кінәлау түріндегі алғашқы сезімдері ешқашан жойылмайды және бұл ауыртпалық отбасының эмоционалды өмірінің тұрақты бөлігі болып қала береді. Отбасылық өмірдің белгілі бір кезеңдерінде ол қайтадан қарқынды қайталанып отыруы мүмкін.

А.Р.Турнбулл (1986) және Олсон (1984) ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларда болатын түрлі даму кезеңдеріне сәйкес төмендегідей күйзеліс факторларын анықтады:

*1. Баланың дүниеге келуі, нәрестелік және мектепке дейінгі кезең. Диагноздың дұрыс қойылуы; эмоционалдық бейімделу; бала дамуындағы бұзылыстар туралы отбасы мүшелеріне хабарлау.*

*2. Мектеп жасындағы кезең. Балаға жалпы немесе арнайы білім беру туралы шешім қабылдау; балаға қатарластарының көзқарасына байланысты мәселені шешу; білім алу және*

бос уақытты ұйымдастыру.

3. *Жасөспірімдік кезең.* Созылмалы және емделмейтін бұзылыстарға эмоционалды бейімделу; баланың құрдастарынан оқшаулану мәселелерін шешу.

4. *Ересектік кезең.* Ересек баланы күтуге эмоционалды бейімделу; қоғаммен және әлеуметтік ортамен қарым-қатынастағы шектеулерді шешу.

5. *Ата-ана кезеңінен кейінгі кезең.* Жұбайымен қарым-қатынасты қарастыру; болашаққа жоспар құру.

Осы аталған әр кезеңде ата-аналар мен отбасы мүшелері белгілі деңгейде жауапкершілікті сезінеді, қолдау көрсетеді [Селигман М., Дарлинг Р.Б., 2018].



1-сурет. Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ата-аналар типологиясының психологиялық портреттері

Ерекше баланың отбасы мүшелерінде, әсіресе бауырларында түрлі психологиялық, эмоционалды және әлеуметтік әсерлер қалыптасуы мүмкін. Бір жағынан олар бірнеше жағымды қасиеттерді де өз бойында дамытуы мүмкін, сонымен қатар эмоционалды күйзелістер мен түрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл факторлар олардың жеке тұлғалық дамуына, айналасындағылармен қарым-қатынасына және болашақтағы көзқарасына әсер етеді (1-кесте).

1-кесте

Ерекше баланың отбасындағы бауырларына әсер ету аспектілері

Әсер ету аспектілері	Оң әсерлері	Қиындықтар
Құндылықтар мен тұлғалық даму	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жауапкершілік пен мейірімділіктің артуы;</li> <li>- Эмпатия қабілетінің дамуы;</li> <li>- Көмектесуге, қолдау көрсетуге дағдылану</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ерекше балаға көбірек көңіл бөлінуі, басқа балалардың өзін елеусіз сезінуіне әкеледі;</li> <li>- Кейбір жағдайларда үлкен жауапкершілік сезініп, тез есейіп кетуі мүмкін</li> </ul>

Психологиялық	- Өзін-өзі бақылау және эмоцияны басқару қабілеті артады; - Мақсатқа ұмтылу, шыдамдылық дамиды; - Ата-анамен қарым қатынас нығайы мүмкін; - Отбасылық бірлік пен сүйіспеншілік күшейеді	- Отбасыдағы стресс пен эмоционалды жүктеме жоғары болуы мүмкін; - Бауырлар арасындағы түсініспеушіліктер, конфликтер; - Ішкі қобалжу, стресс немесе кінә сезімі пайда болуы мүмкін
Әлеуметтік қарым-қатынас	- Қоғамда ерекше жандарға деген толеранттылық қалыптасады; - Әлеуметтік дағдылар жетіледі, көмекке бейім болады	- Қоғамдық пікір мен стереотиптердің әсерінен қысым сезінуі мүмкін; - Қоғамдық ортада ерекше бауыры үшін ыңғайсыз, қысылу сезімі болу
Білім және өзін-өзі дамыту	- Инклюзия туралы терең түсінік пен инклюзивті мәдениет қалыптасады; - Мәселелерді өз бетінше шешу дағдысы күшейеді	- Ерекше баланың қажеттіліктеріне көбірек уақыт бөлініп, өздеріне көңіл бөлу жетпеуі мүмкін; - Өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарын кейінге қалдыруға мәжбүр болуы мүмкін

Бұл әсерлер әр отбасының жағдайына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Ерекше баланың отбасындағы бауырларына әсер ету жағдайын ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыратын болсақ, бұл жағдайға балалардың өз пікірі бар екені анық. Өйткені көп жағдайда олардың ойы мен көзқарасы ересектерден әлде қайда алшақ болуы және ол ересектердің пайдасына шешілмеуі мүмкін. Мұның себебі, бала бәрін тікелей қабылдайды және өз жауабын қалыптасқан әлеуметтік нормаларға сәйкестендіріп, бейімдеп отырмайды. Жағдайға қалай бар солай жауап береді. Осылайша, балалардың қарапайым жауаптары ең маңызды және құнды ақпараттарды берері анық.

### Әдістер

Зерттеу мақсатына сәйкес ғылыми мақалаларға талдау жасалды, зерттеу объектісін бақылау, әңгімелесу, сұхбаттасу, ситуациялық жағдайларды талдау, кейс стади әдісін пайдалана отырып сапалық нәтижелерді сараптау, В.Ткачеваның мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші ата-аналар типологиясында берілген психологиялық портреттер арқылы біз зерттеген инклюзивті отбасындағы ата-аналардың типтері анықталды; МШБ-ды психологиялық-педагогикалық диагностикалау мақсатында С.Д.Забрамная ұсынған «Даму бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу» әдістемесі; бала мен оның отбасының ерекшеліктері, өзара қарым-қатынасы мен қажеттіліктерін, олардың қоғаммен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын зерттеу үшін К.Эттин мен Э.Хартманның «Экокарта» әдістемесі қолданылды.

#### Қатысушыларды іріктеу

Инклюзивті отбасыда ерекше баланың тәрбиеленуі, осы отбасы мүшелерінің қарым қатынасына, олардың қоғамдағы рөліне, жалпы өмір сүру сапасына қалай әсер ететінін зерттеу мақсатында, ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған екі отбасы таңдалып алынды. Зерттеуге қатысушылар саны  $n = 16$ .

#### Нәтижелер және пікір алмасу

С.Д.Забрамная әдістемесін пайдалана отырып, ерекше қажеттілігі бар балаларға диагностикалық зерттеу жүргізілді [Забрамная С.Д., 2005]. Бұл әдіс арқылы бала туралы жалпы мәліметтер; даму тарихы; отбасы; физикалық жағдайы; танымдық іс-әрекеттің ерекшеліктері туралы ақпараттар жинақталды. Нәтижесінде «Алия және оның отбасы» және

«Марат және оның отбасы» жайында кейстер құрастырылды. Зерттеу барысында этикалық нормалар сақталды, кейсте отбасы мүшелерінің есімдері өзгертіліп көрсетілді (2-кесте).

2-кесте

«Ерекше қажеттілігі бар бала және оның Отбасы» туралы кейстер


1-кейс. Алия, 11 жаста (диагнозы: резидуалды энцефалопатия, атоникалық-астатикалық формадағы бала сал ауруы, т.б.)	
Әлеуметтік статус:	- Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасы; - Ерекше қажеттілігі бар бала; - Көп балалы отбасы.
Отбасы құрамы:	Әкесі - Батыр 40 жаста, анасы - Анар 38 жаста, ұлы – Ақыл 15 жаста, қызы Арай – 13 жаста, қызы - Алия 11 жаста, ұлы – Алдияр 7 жаста, қызы – Аделя 4 жаста
Ата-анасының жұмыс орны:	Әкесі ғылыми қызметкер, анасы оқытушы.
Тұрмыстық жағдайы:	Отбасы өз үйлерінде тұрады, балалардың жеке бөлмелері бар, балалардың білім алуына жағдай жасалған.
Отбасылық қарым-қатынас:	Отбасы Батырдың ата-анасы және әжесімен бірге тұрады. Яғни, үлкен отбасы болып саналады. Ата-анасы балалардың, оның ішінде Алияның күтіміне көмектеседі. Оны отбасы мүшелерінің барлығы жақсы көреді. Отбасы мүшелерімен, әсіресе апасымен және анасымен тығыз қарым-қатынаста.
Танымдық іс-әрекет ерекшеліктері:	Психикалық дамуы тежелген; есту қабілеті сақталған; сөйлей алмайды, қажеттілігін отбасы мүшелеріне ым-ишара арқылы түсіндіруге тырысады; назар аудару қабілеті төмен; қабылдау және түсіну қиындығы байқалады; өз-өзіне қызмет көрсете алмайды; оқуға қабілетті емес, интеллектуалды дамуы төмен деңгейде.
Қосымша ақпарат:	Денсаулық ерекшеліктеріне байланысты мектепке бармайды. 4-жасында жүре бастаған. Жеке гигиенасын сақтауға және тамақтануға үлкендердің көмегін қажет етеді. Өздігінен тамақтана алмайды.
2-кейс. Марат, 12 жаста (диагнозы: Аутизм спектрі бұзылған бала, ЗПП)	
Әлеуметтік статус:	- Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасы; - Ерекше қажеттілігі бар бала.
Отбасы құрамы:	Әкесі - Жалғас 39 жаста, анасы - Жадыра 38 жаста, қызы - Мадина 13 жаста, ұлы – Марат 12 жаста, ұлы – Дидар 8 жаста, қызы Айзере – 4 жаста
Ата-анасының жұмыс орны:	Әкесі құрылыс саласында жұмыс жасайды, анасы мектепте мұғалім
Тұрмыстық жағдайы:	Тұрмыстық жағдайлары орташа. Өздерінің үш бөлмелі пәтерінде тұрады
Отбасылық қарым-қатынас:	Отбасында балалардың күтімімен көп жағдайда анасы айналысады. Ата-анасы жұмыста болған кезде оған бауырлары қарайласады. Маратты дәрігерлік тексерістен өткізу, ем алу кезінде де анасы көбірек жанында болады
Танымдық іс-әрекет ерекшеліктері:	Интеллектуалды дамудың бұзылуы орта деңгейде; сөйлеу қабілеті қалыпты; назар аудару қабілеті орта деңгейде; қабылдау және түсіну қабілеті сақталған, орта деңгейде; өз-өзіне қызмет көрсете алады
Қосымша ақпарат:	Марат бірінші сыныпты мектепте бастаған, бірақ кейін үлгеріміне және денсаулық ерекшеліктеріне байланысты үйден білім алу жүйесіне ауыстырылған

\*Ескерту - кейсте көрсетілген барлық есімдер өзгертілген

К.Эттин және Э.Хартман ұсынған әдістемесі бойынша балаларға жеке «Экокарта» толтырылды [Экокарта]. Бұл әдістеме ата-аналармен әңгімелесу, сұхбаттасуға негізделіп, нәтижесінде бала мен отбасының әлеуметтік ортада болатын байланыстары туралы ақпараттар графикалық бейнелеу ретінде көрсетілді (2,3-сурет).



2-сурет. Алияға толтырылған «Экокарта»



3-сурет. Маратқа толтырылған «Экокарта»

«Экокарта» – төрт жүйе бойынша толтырылады: Микрожүйе, мезожүйе, экзожүйе, макро жүйе. Қатынастардың сипатының белгіленуі:

Мықты, тығыз байланыс - \_\_\_\_\_

Әлсіз байланыс - тұрақты емес қатынастар, қолдау жоқ - - - - -

Қақтығысты байланыс - ~~~~~~

Байланыс жоқ - /-/-/-/-/-/-/-/-

Алияның жеке картасын талдайтын болсақ, ол тек отбасы мүшелерімен ғана тығыз байланысқа түседі. Өйткені, олар бір отбасыда өмір сүреді және отбасы мүшелері Алияға қамқорлық көрсетеді, әсіресе апасы мен анасы оны тамақтандырады және жеке гигиенасын сақтауға көмектеседі. Ал, басқа орталармен байланысы әлсіз немесе мүлде жоқ. Әкесінің туыстарын өздері қыдырып келгенде ғана көреді. Анасының туыстарын жылына бір рет анасымен бірге қыдырып барғанда ғана кездеседі, өйткені олар басқа қалада тұрады. Емхана қызметкерлерімен әлсіз байланыс, өйткені онда тек қажет болған жағдайда ғана барады. Ойын-сауық орталықтарына да жиі бара бермейді. Көршілерді де көп көрмейді, өйткені үй ауласында ғана серуендейді, көшеге шықпайды.

Отбасы әлеуметтік қызметкерлердің қызметін қажет етпейді, сол себепті байланыс жоқ. Себебі, жұмыстан бос уақытта анасы өзі қарайды, басқа уақыттарда үйде қарайласатын ата-апасы және әжесі бар. Бауырлары да көмекке келеді. Реабилитациялық орталықтарда 7-8 жасқа дейін жоспарлы ем алып отырды, қазір байланыс жоқ. Мектеппен байланыс мүлде жоқ, өйткені сабаққа бармайды және үйден оқыту жүйесін де пайдаланбайды. ПМПК қызметкерлері 16 жасқа дейінгі бала-бақша немесе дамыту орталығына жолдама берген, бірақ отбасы баланы бұл орталықтарға жіберуге бас тартқан. Себебі, ол орталықтардың жұмысына және қызметіне сенімсіздікпен қарайды. Алияға ең жақын әрі қауіпсіз орта отбасы деп санайды. Сол себепте үй жағдайында бағып, тәрбиелеуді дұрыс деп есептейді.

Мараттың эокартасында көріп тұрғандай ол да отбасы мүшелерімен тығыз байланыста. Отбасында оны толық қолдап, көмектеседі. Әкесінің және анасының туыстарымен байланыс тығыз емес, өйткені оларды жиындарда ғана көреді. Әкесі мен анасы және бауырларынан бөлек қарайласатын туыстары жоқ. Қоғамдық орындармен, дамыту және ойын-сауық орталықтарымен байланысы бар. ПМПК тексерісінен өтіп үйден білім алуға жолдама алған. Мектеппен әлсіз байланыс, өйткені Марат үйден оқиды. Емхана және көршілерімен әлсіз байланыс. Көршілерді үй ауласына шыққанда көреді, бірақ олармен байланысқа түспейді. Жеке ойнағанды жақсы көреді немесе тек өз бауырларымен бірге. Алиямен салыстырғанда Маратта қоғамдық орындарда және басқа орталарда өзге адамдармен байланыс құру деңгейі жоғарырақ. Себебі, ол өз бетінше еркін жүріп-тұра алады, сөйлей алады. Отбасы оны кез-келген ортаға өздерімен алып жүруге кедергі жоқ деп санайды.

В.Ткачеваның мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші ата-аналар типологиясында берілген психологиялық портреттер арқылы біз Алия мен Мараттың ата-аналарының типтік ерекшеліктерін анықтадық.

Алияның ата-аналарын екі типте қарастыруға болады: бірінші, *психосаматикалық типке* жатқызуға болады. Өткені, олар көбіне баланың ерекшелігіне байланысты мәселелерді басқалардан жасыруға тырысады, баланы көпшілік орталардан барынша оқшаулайды. Балаға қатысты уайымдары мен сезімдерін іште сақтайды, нәтижесінде көңіл-күйдің жиі өзгерістері байқалады. Екіншіден, кей жағдайларды ескере отырып бұл ата-аналарды *невротикалық типке* де жатқызуға болады. Өйткені, мұндай ата-аналар пассивті позициямен сипатталады. Баланың мәселелерін жеңуге ұмтылмайды. Мысалы: «*Бала осылай туылды, осылай қалады, өзгертуге мүмкіндік жоқ*» деген көзқарасты ұстанады. Олар баланың ерекшелігін сол қалпында қабылдап, оған көніп өмір сүреді. Керісінше, ерекше баланың басқа бауырларына кері әсер етпеуі үшін көп жауапкершілікті ата-ана өз мойнына алып, басқа балаларының қалыпты жағдайда еркін дамып, білім алып жетілуіне көбірек жағдай жасайды.

Мараттың ата-аналарын *авторитарлық типке* жатқыза аламыз. Жоғарыда айтып кеткендей олар екі топқа бөлінеді. Біріншісі, баладан мүлдем бас тартатындар. Екіншілері, бала үшін соңына дейін күресетіндер. Мараттың ата-анасы осы екінші топқа жатады. Себебі, олар өмірге деген белсенді ұстаныммен баланың денсаулығына қатысты барлық кедергілерді жоюға тырысады. Оның толық жазылып, өз қатарымен тең дәрежеде өмір сүруі үшін барлық емдік шараларды жасайды. Әлеуметке бейімдеу мақсатын да табанды жүргізеді. Баланың болашағына толық сеніммен қарайды.

Инклюзивті отбасылардағы қарым-қатынас күрделі әрі көп қырлы. Алайда, қолдау, түсіністік және бірлескен күш-жігер арқылы отбасылар қиындықтарды жеңіп, қоғамда белгілі бір өз орнын табуына, сол арқылы отбасының әр бір мүшесінің тұлғалық дамуына мүмкіндік береді. Қолдау, бауырлардың бір-біріне көрсеткен уақытша күтімі және психологиялық көмектер отбасының жалпы жағдайының жақсаруына әсер етеді [Lucyshyn J.M. et al., 2018], соның арқасында ата-аналарда балаларын басқаруда сенімдері артып, ал балалар жаңа дағдыларды қалыптастырып, қоғамдық жұмыстарға көбірек араласып дамиды [Dias P.C., Cadime I., 2019].

Инклюзивті отбасы мүшелерінің ішкі эмоционалды күйлерін тұрақтандырып, жағымды қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырып, дамытудың мынадай жолдарын ұсынамыз:

- *Ортақ жауапкершілік, қамқорлық пен қолдау.* Отбасы мүшелері бір-біріне қолдау көрсетіп, жауапкершілікті бөлісу. Өздерінің және бір-бірінің физикалық және психикалық денсаулығына қамқорлық жасау. Бір-бірін жігерлендіру. Қиындықтарды бірге жеңу. Баланы өз бетінше әрекет етуге үйрету, оның қоғамға бейімделуіне қолдау көрсету;
- *Білім алу және ақпараттану.* Инклюзивтілік туралы және баланың бұзылыстары жайында кеңінен ақпараттану, баланың денсаулығына байланысты ерекшеліктері мен қауіп-қатерлерді алдын ала білу, болжау;
- *Ашық коммуникация және коллаборация.* Мәселені бірге талқылау, әр адамның пікірін тыңдау. Басқа инклюзивті отбасылармен байланыс орнату, бір-бірін қолдау, тәжірибе алмасу тетіктерін қарастыру;
- *Жағдайға қарай бейімделу.* Әр отбасы мүшесінің қажеттіліктерін ескеріп, күнделікті өмір салтын икемдеу. Өмір циклының әр кезеңінде басымдықтарды дұрыс қоя білу, әр адамның жетістігін бағалау. Ерекше қажеттілігі бар баланың ғана даму мүмкіндіктеріне бағытталмай, отбасы мүшелерінің әрқайсысының әлеуетін ескеру; Отбасының барлық мүшелері махаббат пен мейірімге, сыйластық пен сүйіспеншілікке лайық екенін басты назарда ұстау;
- *Мамандардан көмек алу.* Психологтардан, әлеуметтік қызметкерлерден және басқа да арнайы мамандардан көмек алу.

### Қорытынды

Инклюзивті отбасы – өзара түсіністік пен қолдауға негізделуі тиіс. Мұндай отбасыларда қарым-қатынас икемді, сабырлы, әділ және эмоционалды түрде қолдауға бағытталған. Әділетті қарым-қатынасты қалыптастыру, қоғамның қолдауы мен инклюзивті мәдениеттің дамуы осындай отбасылардың әлеуметтік бейімделу мен толыққанды өмір сүруге мүмкіндіктерін арттырады. Отбасындағы қарым-қатынас адамның алғашқы дүниетанымы мен болашақтағы өмір салтын дұрыс құруына әсер етеді. Дәл осы отбасында адам өзінің алғашқы өмірлік тәжірибесін алады, сондықтан баланың қандай отбасында тәрбиеленуі өте маңызды. Сонымен қатар, отбасы ұрпақтар сабақтастығы, мәдениет пен дәстүрді жалғастырып, балаға өзіндік «қаіпсіз аймақ» ретінде қорғаныш рөлін атқаратын ең жақын әлеуметтік орта болып саналады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Ахметова Э.К., Алметов Н.Ш. (2021) Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда мұғалімнің ата-аналармен ынтымақтастығы формалары. *Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы*, 3, 204-216 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.48081/NNSG4499> (өтінім берілген күні: 15.02.2025).
- Mas J.M., Dunst C.J., Balcells-Balcells A., Garcia-Ventura S., Gine C., Canadas M. (2019) Family-centered practices and the parental well-being of young children with disabilities and developmental delay. *Research in Developmental Disabilities*, 94, November, 103495 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ridd.2019.103495> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).
- Cuzzocrea F., Murdaca A.M., Costa S., Filippello P., Larcana R. (2016) Parental stress, coping strategies and social support in families of children with a disability. *Child Care in Practice*, 22(1), 3-19 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1080/13575279.2015.1064357> (өтінім берілген күні: 19.02.2025).
- Antonopoulou K., Manta N., Maridaki-Kassotaki K., Kouvava S., Stampoltzis A. (2020) Parenting and coping strategies among parents of children with and without autism: the role of anxiety and emotional expressiveness in the family. *Austin Journal of Autism & Related Disabilities*, 6(1), 1054 [Электрондық ресурс]: URL: [https://www.researchgate.net/publication/338987588\\_Antonopoulou\\_K\\_Manta\\_N\\_Maridaki\\_Kassotaki\\_K\\_Kouvava\\_S\\_and\\_Stampoltzis\\_A\\_Parenting\\_and\\_Coping\\_Strategies\\_among\\_Parents\\_of\\_Children\\_with\\_and\\_without\\_Autism\\_The\\_Role\\_of\\_Anxiety\\_and\\_Emotional\\_Expressivene](https://www.researchgate.net/publication/338987588_Antonopoulou_K_Manta_N_Maridaki_Kassotaki_K_Kouvava_S_and_Stampoltzis_A_Parenting_and_Coping_Strategies_among_Parents_of_Children_with_and_without_Autism_The_Role_of_Anxiety_and_Emotional_Expressivene) (өтінім берілген күні: 19.02.2025).
- Scherer N., Verhey I., Kuper H. (2019) Depression and anxiety in parents of children with intellectual

- and developmental disabilities: a systematic review and meta-analysis. *PLoS One*, 14(7), e0219888 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0219888> (өтінім берілген күні: 19.02.2025).
- Machalicek W., Lang R., Raulston T.J. (2015) Training parents of children with intellectual disabilities: Trends, issues, and future directions. *Current developmental disorders reports*, 2, 110-118 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s40474-015-0048-4> (өтінім берілген күні: 19.02.2025).
- Krakovich T.M., McGrew J.H., Yu Y., Ruble L. (2016) Stress in parents of children with autism spectrum disorder: an Exploration of demands and resources. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 46, 2042-2053 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s10803-016-2728-2> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).
- Hassall R., Rose J., McDonald J. (2005) Parenting stress in mothers of children with an intellectual disability: the effects of parental cognitions in relation to child characteristics and family support. *Journal of Intellectual Disability Research*, 49, 6, 405-418 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1365-2788.2005.00673.x> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).
- Giltaij H.P., Sterkenburg P.S., Schuengel C. (2015) Psychiatric diagnostic screening of social maladaptive behaviour in children with mild intellectual disability: differentiating disordered attachment and pervasive developmental disorder behavior. *Journal of Intellectual Disability Research*, 59, 2, 138-149 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1111/jir.12079> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).
- Hamadi L., Fletcher H.K. (2021) Are people with an intellectual disability at increased risk of attachment difficulties? A critical review. *Journal of Intellectual Disabilities*, 25, 1, 114-130 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1177/1744629519864772> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).
- Nakken H., Vlaskamp C. (2007) A need for a taxonomy for profound intellectual and multiple disabilities. *Journal of Policy and Practice in Intellectual Disabilities*, 4, 2, 83-87 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1741-1130.2007.00104> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).
- Kruithof K., Willems D., Etten-Jamaludin F., Olsman E. (2020) Parents' knowledge of their child with profound intellectual and multiple disabilities: an interpretative synthesis. *Journal of Applied Research in Intellectual Disabilities*, 33, 6, 1141-1150 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1111/jar.12740> (өтінім берілген күні: 19.02.2025).
- Seltzer M., Greenberg J.S., Floyd F.J., Pettee Y., Hong J. (2001) Life course impacts of parenting a child with a disability. *American Journal on Intellectual and Developmental Disabilities*, 106 (3), 265-286 [Электрондық ресурс]: DOI: [https://doi.org/10.1352/0895-8017\(2001\)106<0265:LCIOPA>2.0.CO;2](https://doi.org/10.1352/0895-8017(2001)106<0265:LCIOPA>2.0.CO;2) (өтінім берілген күні: 25.02.2025).
- Verma R.K., Kishore M.T. (2009) Needs of Indian parents having children with intellectual disability. *International Journal of Rehabilitation Research*, 32(1), 71-76 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1097/MRR.0b013e32830d36b6> (өтінім берілген күні: 25.02.2025).
- Hockenberry M.J., Wilson D. (2018) *Wong's Nursing Care of Infants and Children*, 10<sup>th</sup> Edition, Mosby Elsevier, 1760.
- Ткачева В.В. (2000) *Психокоррекционная работа с матерями, воспитывающими детей с отклонениями в развитии*. М., 64.
- Экокарта: составление карты семейной системы [Электронный ресурс]: URL: <https://social-work.ru/article/67> (дата обращения: 25.02.2025).
- Селигман М., Дарлинг Р.Б. (2018) *Обычные семьи, особые дети. Системный подход к помощи детям с нарушениями развития*. М.: Теревинф, 368 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.litres.ru/book/milton-seligman/obychnye-semi-osobyete-deti-sistemnyy-podhod-k-pomoschi-dety-180037/chitat-onlayn/> (өтінім берілген күні: 12.03.2025).
- Забрамная С.Д. (2005) Практический материал для проведения психолого-педагогического обследования детей: *пособие для ПМПК*. М.: ВЛАДОС, 32 [Электрондық ресурс]: URL: [https://pedlib.ru/Books/3/0122/3\\_0122-1.shtml](https://pedlib.ru/Books/3/0122/3_0122-1.shtml) (өтінім берілген күні: 12.03.2025).
- Lucyshyn J.M., Miller L.D., Cheremshynski C., Lohrmann S., Zumbo B.D. (2018) Transforming

coercive processes in family routines: family functioning outcomes for families of children with developmental disabilities. *Journal of Child and Family Studies*, 27, 2844-2861 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s10826-018-1113-5> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).

Dias P.C., Cadime I. (2019) Child and family-centered practices in early childhood education and care services: an empirical study with families and practitioners in Portugal. *Child and Adolescent Social Work Journal*, 36, 285-294 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s10560-019-00599-7> (өтінім берілген күні: 22.02.2025).

## References

Ahmetova E.K., Almetov N.Sh. (2021) Inklyuzivti bilim berudi zhuzege asyruda mugalimnin atanalarmen yntymaktastygy formalary. *Torajgyrov universitetinin Habarshysy, Pedagogikalyk seriyasy*, 3, 204-216 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.48081/NNSG4499> (otimim berilgen kuni: 15.02.2025).

Mas J.M., Dunst C.J., Balcells-Balcells A., Garcia-Ventura S., Gine C., Canadas M. (2019) Family-centered practices and the parental well-being of young children with disabilities and developmental delay. *Research in Developmental Disabilities*, 94, November, 103495 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ridd.2019.103495> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).

Cuzzocrea F., Murdaca A.M., Costa S., Filippello P., Larcana R. (2016) Parental stress, coping strategies and social support in families of children with a disability. *Child Care in Practice*, 22(1), 3-19 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1080/13575279.2015.1064357> (otimim berilgen kuni: 19.02.2025).

Antonopoulou K., Manta N., Maridaki-Kassotaki K., Kouvava S., Stampoltzis A. (2020) Parenting and coping strategies among parents of children with and without autism: the role of anxiety and emotional expressiveness in the family. *Austin Journal of Autism & Related Disabilities*, 6(1), 1054 [Elektronдық resurs]: URL: [https://www.researchgate.net/publication/338987588\\_Antonopoulou\\_K\\_Manta\\_N\\_Maridaki\\_Kassotaki\\_K\\_Kouvava\\_S\\_and\\_Stampoltzis\\_A\\_Parenting\\_and\\_Coping\\_Strategies\\_among\\_Parents\\_of\\_Children\\_with\\_and\\_without\\_Autism\\_The\\_Role\\_of\\_Anxiety\\_and\\_Emotional\\_Expressivene](https://www.researchgate.net/publication/338987588_Antonopoulou_K_Manta_N_Maridaki_Kassotaki_K_Kouvava_S_and_Stampoltzis_A_Parenting_and_Coping_Strategies_among_Parents_of_Children_with_and_without_Autism_The_Role_of_Anxiety_and_Emotional_Expressivene) (otimim berilgen kuni: 19.02.2025).

Scherer N., Verhey I., Kuper H. (2019) Depression and anxiety in parents of children with intellectual and developmental disabilities: a systematic review and meta-analysis. *PLoS One*, 14(7), e0219888 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0219888> (otimim berilgen kuni: 19.02.2025).

Machalicek W., Lang R., Raulston T.J. (2015) Training parents of children with intellectual disabilities: Trends, issues, and future directions. *Current developmental disorders reports*, 2, 110-118 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s40474-015-0048-4> (otimim berilgen kuni: 19.02.2025).

Krakovich T.M., McGrew J.H., Yu Y., Ruble L. (2016) Stress in parents of children with autism spectrum disorder: an Exploration of demands and resources. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 46, 2042-2053 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s10803-016-2728-2> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).

Hassall R., Rose J., McDonald J. (2005) Parenting stress in mothers of children with an intellectual disability: the effects of parental cognitions in relation to child characteristics and family support. *Journal of Intellectual Disability Research*, 49, 6, 405-418 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1365-2788.2005.00673.x> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).

Giltaij H.P., Sterkenburg P.S., Schuengel C. (2015) Psychiatric diagnostic screening of social maladaptive behaviour in children with mild intellectual disability: differentiating disordered attachment and pervasive developmental disorder behavior. *Journal of Intellectual Disability Research*, 59, 2, 138-149 [Elektronдық resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1111/jir.12079> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).

Hamadi L., Fletcher H.K. (2021) Are people with an intellectual disability at increased risk of attachment difficulties? A critical review. *Journal of Intellectual Disabilities*, 25, 1, 114-130

- [Elektronnyy resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1177/1744629519864772> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).
- Nakken H., Vlaskamp C. (2007) A need for a taxonomy for profound intellectual and multiple disabilities. *Journal of Policy and Practice in Intellectual Disabilities*, 4, 2, 83-87 [Elektronnyy resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1741-1130.2007.00104> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).
- Kruithof K., Willems D., Etten-Jamaludin F., Olsman E. (2020) Parents' knowledge of their child with profound intellectual and multiple disabilities: an interpretative synthesis. *Journal of Applied Research in Intellectual Disabilities*, 33, 6, 1141-1150 [Elektronnyy resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1111/jar.12740> (otimim berilgen kuni: 19.02.2025).
- Seltzer M., Greenberg J.S., Floyd F.J., Pettee Y., Hong J. (2001) Life course impacts of parenting a child with a disability. *American Journal on Intellectual and Developmental Disabilities*, 106 (3), 265-286 [Elektronnyy resurs]: DOI: [https://doi.org/10.1352/0895-8017\(2001\)106<0265:LCIOPA>2.0.CO;2](https://doi.org/10.1352/0895-8017(2001)106<0265:LCIOPA>2.0.CO;2) (otimim berilgen kuni: 25.02.2025).
- Verma R.K., Kishore M.T. (2009) Needs of Indian parents having children with intellectual disability. *International Journal of Rehabilitation Research*, 32(1), 71-76 [Elektronnyy resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1097/MRR.0b013e32830d36b6> (otimim berilgen kuni: 25.02.2025).
- Hockenberry M.J., Wilson D. (2018) *Wong's Nursing Care of Infants and Children*, 10th Edition, Mosby Elsevier, 1760.
- Tkacheva V.V. (2000) *Psihokorrekcionnaya rabota s materyami, vospityvayushimi detej s otkloneniyami v razvitiy. M.*, 64.
- Ekokarta: sostavlenie karty semejnoy sistemy* [Elektronnyy resurs]: URL: <https://soc-work.ru/article/67> (data obrasheniya: 25.02.2025).
- Seligman M., Darling R.B. (2018) *Obychnye semi, osobye deti. Sistemnyy podhod k pomoshi detyam s narusheniyami razvitiya. M.: Terevinf, 368* [Elektronnyy resurs]: URL: <https://www.litres.ru/book/milton-seligman/obychnye-semi-osobye-deti-sistemnyy-podhod-k-pomoschi-dety-180037/chitat-onlayn/> (otimim berilgen kuni: 12.03.2025).
- Zabramnaya S.D. (2005) Prakticheskiy material dlya provedeniya psihologo-pedagogicheskogo obsledovaniya detej: *posobie dlya PMPK. M.: VLADOS, 32* [Elektronnyy resurs]: URL: [https://pedlib.ru/Books/3/0122/3\\_0122-1.shtml](https://pedlib.ru/Books/3/0122/3_0122-1.shtml) (otimim berilgen kuni: 12.03.2025).
- Lucyshyn J.M., Miller L.D., Cheremshynski C., Lohrmann S., Zumbo B.D. (2018) Transforming coercive processes in family routines: family functioning outcomes for families of children with developmental disabilities. *Journal of Child and Family Studies*, 27, 2844-2861 [Elektronnyy resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s10826-018-1113-5> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).
- Dias P.C., Cadime I. (2019) Child and family-centered practices in early childhood education and care services: an empirical study with families and practitioners in Portugal. *Child and Adolescent Social Work Journal*, 36, 285-294 [Elektronnyy resurs]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s10560-019-00599-7> (otimim berilgen kuni: 22.02.2025).

## Особенности взаимоотношений в инклюзивной семье

Э.К.Ахметова

Южно-Казахстанский педагогический университет имени Ө.Жәнібекова (Шымкент, Казахстан)

### Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы взаимоотношений в инклюзивной семье, факторы стресса, возникающие в семьях, воспитывающих ребенка с особыми потребностями, а также влияние детей с ограниченными возможностями на их братьев и сестер. Для исследования влияния воспитания особенного ребенка на отношения между членами семьи, их социальную роль и качество жизни было проведено изучение двух семей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями. В соответствии с целью исследования был проведен анализ научных статей, использованы методы наблюдения, беседы, интервью, анализа и кейс-стади. На основе типологии родителей, воспитывающих детей с особыми потребностями, предложенной В.Ткачевой, были определены типы родителей в инклюзивных семьях. С помощью адаптированной версии программы С.Д.Забрамной

проведена диагностическая работа с детьми с особыми потребностями, что позволило собрать информацию об их общем состоянии, истории развития, семейной среде, физическом состоянии и особенностях познавательной деятельности. В результате были составлены кейсы «Алия и ее семья» и «Марат и его семья». На основе бесед и интервью с родителями, а также по методике К.Эттина и Э.Хартмана, для детей были составлены индивидуальные «Эко-карты», которые графически отразили и проанализировали их социальные связи. В статье предложены пути стабилизации эмоционального состояния членов семьи и формирования позитивных взаимоотношений.

*Ключевые слова:* инклюзивная семья, семейные отношения, ребенок с особыми потребностями, ребенок с ограниченными возможностями, воспитание детей в инклюзивной семье.

### **Features of relationships in an inclusive family**

*E.K.Akhmetova*

*O.Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

This article examines the issues of relationships in an inclusive family, the stress factors that arise in families raising a child with special needs, as well as the impact of children with disabilities on their siblings. To study the influence of raising a special child on family members' relationships, their social roles, and overall quality of life, a study was conducted on two families raising children with disabilities. In accordance with the research objectives, a review of scientific articles was conducted, and methods such as observation, conversations, interviews, analysis, and case studies were used. Based on V.Tkacheva's typology of parents raising children with special needs, the types of parents in inclusive families were identified. Using an adapted version of S.D.Zabramnaya's program, a diagnostic study was conducted on children with special needs, which allowed for the collection of information about their general condition, development history, family environment, physical state, and cognitive activity characteristics. As a result, the cases "Aliya and Her Family" and "Marat and His Family" were compiled. Based on conversations and interviews with parents, as well as the methodology of K.Ettin and E.Hartman, individual "Eco-maps" were created for the children, graphically illustrating and analyzing their social connections. The article proposes ways to stabilize the emotional state of family members and foster positive relationships.

*Keywords:* inclusive family, family relationships, child with special needs, child with disabilities, raising children in an inclusive family.

*Поступила в редакцию:*

*Одобрена:*

*Первая публикация на сайте:*

*MPHTI: 15.81.21*

## **MAPPING RESEARCH ON UNIVERSITY STUDENTS' CRITICAL THINKING: A SCOPING REVIEW**

*\*<sup>1</sup>Z.S.ABBASSOVA, <sup>1</sup>A.O.YESSIMBEKOVA*

*<sup>1</sup>Zhetysu University named I.Zhansugurov*

*(Taldykorgan, Kazakhstan)*

*\*[psychokitana@gmail.com](mailto:psychokitana@gmail.com), [assylzhan0401@gmail.com](mailto:assylzhan0401@gmail.com)*

#### *Abstract*

Critical thinking is widely recognized as a key psychological and educational construct underlying students' cognitive development, academic success, and readiness to make complex decisions in modern society. In recent years, the increasing digitalization of higher education and the integration of artificial intelligence tools have significantly changed the conditions in which critical thinking is developed, assessed, and demonstrated. This article presents a literature review aimed at mapping current research on critical thinking among university students, focusing on its psychological foundations and interdisciplinary nature. Critical thinking is